

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
6B017- ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

24.12.2025 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы – ф.ғ.к. С.М.Мағжан, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, академиялық персонал – ф.ғ.к., доцент Г.Қ.Жылқыбай, академиялық персонал – PhD, қауымд.проф. М.Е.Сейтова, академиялық персонал – ф.ғ.к., қауымд.проф. Ж.И.Исаева, академиялық персонал – PhD Л. Қазыханқызы, академиялық персонал – PhD Г.Ризоходжаева, академиялық персонал – ф.ғ.к. А.С.Даулетова, академиялық персонал – ф.ғ.к., доцент Т.Көшенова, академиялық персонал – ф.ғ.к. Ж. Ошақбаева, білімгер өкілі – Ж.А.Сейтметова, білімгер өкілі – Ф.А.Юлдашова, білімгер өкілі – А.Р.Орынбасар, жұмыс беруші өкілі – Р.К.Урумова, жұмыс беруші өкілі – А.Момбеков

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2025-2026 оқу жылына бакалавр, магистратура, докторантура бойынша ББ аудит жүргізу
2. Оқу жетістіктерін, жұмыс берушілер мен түлектердің кері байланысын талдау
3. Қараша, желтоқсан айларында атқарылған шаралар нәтижесін талдау
4. Әртүрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

АК төрағасы С.Мағжан күн тәртібіндегі бірінші мәселе 2025-2026 оқу жылына бакалавр, магистратура, докторантура бойынша ББ аудит жүргізу керектігін айтты.

Бірінші мәселе бойынша **АК мүшесі Т.Көшенова сөз алып**, 2025-2026 оқу жылына 6B01729 – Қазақ тілі мен әдебиеті (IP) және 8D01705 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары жаңартылғанын, ал қолданыстан шығарылған БББ жоқ екенін айтты.

АК мүшесі Л.Қазыханқызы: B018 - Шет тілі мұғалімдерін даярлау, 6B01718, 6B01728 (IP) – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері), 6B01719, 6B01729 (IP) – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері), 6B01791- Ағылшын тілі білім беру бағдарламалары бойынша:

Күшті жақтары:

1. Контингенттің жоғарылығы
 2. Материалды база заман талабына сәйкес
- Бітіруші түлектер еңбек нарығында сұранысқа ие
1. Болашақ бағдарламасының стипендияттары - 4 ОПК
 2. Түркияда PhD дәрежесін алған - 3 ОПК
 3. Ағылшын тілі пәні оқытушыларының біліктілік дәрежесін анықтайтын ТКТ Cambridge сертификат иегерлерінің саны- 11
 4. АҚШ елшілігі тарапынан қаржыландырылатын грант иегері E-Fellow 2020-2021 оқу жылынан бері дәріс жүргізеді
 5. Кафедра ПОҚ-ның педагогикалық және кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіруі

Әлсіз жақтары

1. Материалды база заман талабына сәйкес емес
2. Кафедраның ғылыми дәрежелігінің төмендігі – 51,5
3. Ғылыми жетекшілік үшін біліктілік талаптарының жоғарылауы

Қауіп:

1. Жылдан жылға контингент санының көбейуінің кафедра ғылыми дәрежелігінің төмендеуіне әсері

2. ББ бітірушілері санының артуына байланысты жұмыспен қамтылуының қиындауы

Мүмкіндіктер

1. Академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асырылуы;
2. Ағылшын және түрік тілдерінен дәріс жүргізу мүмкіндігі;
3. Аударма, Туризм, сауда-саттық салаларында жұмысқа орналасуы;
4. Шетелдің ЖОО мен қос диплом бағдарламасының жүзеге асырылуы;

ББ жақсарту ұсыныстары

1) Шетелдік университеттермен бірлескен оқу бағдарламаларын жасауды қарастыру. (Түркия Республикасы, Ерзурум қаласы, Ататүрк университетінің Ағылшын тілін оқыту ББ бағдарласы)

2) Европалық ғалымдармен коллаборацияны күшейту мақсатында Хорватия Республикасы Загреб Университетімен келісімшарт жасау.

3) Отандық және шетелдік ғылыми дәрежелі оқытушыларды тарту: Университеттің өкілетті кеңесі тарапынан Түркия Республикасының университеттерінен бір доцент, 2 PhD оқытушы шақыру жоспарлануда.

4) ҰБТ (Ұлттық біліктілік тесті) нәтижесін жақсарту мақсатында семинарлар, воркшоп, тренингтер ұйымдастыру жөнінде мәлімет берді.

Келесі сөзді **АК мүшесі Г.Жылқыбай** алып: 6B01726 - Қазақ тілі мен әдебиеті (IP) білім беру бағдарламасы бойынша:

S (strenght) Күшті жақтары:

- ПОҚ дәрежелілігінің жоғары деңгейі;
- ЖОО үздік оқытушылары санының жыл сайын артуы;
- Гранттық қаржыландырылатын жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі;
- Сыртқы академиялық ұтқырлықтың жоғары деңгейі.

W (weakness) – Әлсіз жақтары:

- Шет тілдерін меңгерудің әлсіз деңгейі;
- Шетелдік ЖОО-лармен байланыстың әлсіздігі;
- Түлектерді жұмысқа орналастырудың төмен пайызы;

Барлық ББ-лар бойынша

O (opportunity) Мүмкіндіктері

- Университеттің білім беру қызметтеріне әлеуетті сұраныстың болуы;
- Білім беру қызметі нарығындағы қолайлы бәсекелес ортаның болуы;
- Білім беру қызметі мен түлектердің бәсекеге қабілетті болуы;
- Халықаралық білім беру ұйымдарының, шетел ЖОО-ның ынтымақтастығына қызығушылығының болуы;
- Аймақта туризмнің дамуы;
- Шетелде магистратура және докторантура бағдарламасы бойынша білімдерін жетілдіруі.
- - халықаралық ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері;
- - түлектердің снбск нарығында сұранысқа ие болуы;
- - талапкерлердің ББ-ға қызығушылығының өсу үрдісі;
- - ПОҚ-тың ғылыми-гранттық байқауларға қатысуын арттыру.

T(threat) Қауіп-көтер

- Технологияның дамуына байланысты тілді өз бетімен үйреніп, мамандарға деген сұраныстың азаюы;
- Сыртқы ортаның өзгеру динамикасы (әлеуметтік-экономикалық ахуал, демографиялық жағдай);
- Тұрғындар табысының тұрақсыздығы;
- Мемлекет және халық тарапынан сұраныстың төмендеуі.
- - Білім беру нарығындағы бәсекелестіктің жоғары болуы.
- - Қазақстан бойынша өңірде орташа жалақының төмендігі.

ББ сапасын жақсарту ұсыныстары:

1. Халықаралық ынтымақтастықты нығайту.
2. Бірлескен білім беру бағдарламасын дайындау.
3. Ғылыми жобалар дайындау бойынша біліктілігін арттыру.
4. Жас білікті кадрларды тарту.
5. Бейіндік пәндер бойынша ғылыми, оқу, әдістемелік әдебиеттер қорын көбейту.
6. ОПҚ және студенттердің академиялық ұтқырлық көрсеткіштерін арттыру.
7. ОПҚ-ның шет тілдерін меңгеру деңгейін көтеру.
8. ОПҚ-ның шетелде тәжірибе алмасу мен біліктілігін арттыру.

Келесі сөз кезегін **АК мүшесі Г.Қ.Жылқыбай** алып: магистратура деңгейіндегі білім беру бағдарламаларының ішкі аудит нәтижелерінің негізінде аталған бағдарламалар бойынша бірқатар жақсарту жұмыстары жасалынуы керек сияқты. Есептерде әр білім беру бағдарламасы аясында жақсарту жұмыстары ұсынылды, енді сол жұмыстарды қолға алып, жүзеге асыру керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша **АК төрағасы С.Мағжан** оқу жетістіктерін, жұмыс берушілер мен түлектердің кері байланысын талдауды ұсынды.

1. Оқу жетістіктерін талдау

Білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің оқу жетістіктері аралық және қорытынды бақылау нәтижелері, GPA көрсеткіштері, емтихан нәтижесі және педагогикалық практиканың қорытындылары негізінде талданды.

Негізгі көрсеткіштер:

- Студенттердің орташа GPA деңгейі тұрақты және «жақсы» көрсеткіш шамасында.
- Академиялық қарызы бар студенттердің үлесі төмен, бұл білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейінің жеткілікті екенін көрсетеді.
- Пән бойынша құзыреттердің қалыптасуы бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелерімен сәйкес келеді.
- Педагогикалық практика барысында студенттердің әдістемелік дағдылары мен сабақ өткізу шеберлігі жыл сайын жақсарып отырған.

Анықталған мәселелер:

- Кейбір студенттерде ғылыми-зерттеу дағдыларының жеткіліксіздігі байқалады.
- Цифрлық сауаттылық және АКТ құралдарын қолдану қабілеті бойынша айырмашылықтар бар.
- Бағалау критерийлерін түсіну деңгейі әр топта біркелкі емес.

Ұсыныстар:

- Оқу үдерісінде практикалық және жобалық тапсырмалар үлесін арттыру.
- Студенттердің ғылыми жұмысқа қатысуын (зерттеу жобалары, конференциялар) күшейту.

2. Жұмыс берушілердің кері байланысын талдау

Жұмыс берушілерден кері байланыс сауалнама, сұхбат және практика жетекшілерінің есептері арқылы жиналды.

Жұмыс берушілердің оң бағалауы:

- Түлектердің теориялық білім деңгейі жоғары.
- Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесін меңгерген.
- Жұмыс тәртібі, кәсіби этика және жауапкершілік көрсеткіштері жақсы бағаланады.
- Оқушылармен коммуникация және сыныпты басқару қабілеті оң нәтиже көрсеткен.

Жұмыс берушілер атап өткен жетілдіру бағыты:

- Цифрлық білім беру платформаларын (Kundelik, BilimLand, Google Classroom) толық меңгеру қажет.
- Жаңартылған білім мазмұны бойынша бағалау критерийлерін қолдануда тәжірибе жетіспейді.
- Сабақта жаңа педагогикалық тәсілдерді (кейс, зерттеу, жобалық оқыту) қолдану жиілігін арттыру.

Жұмыс берушілердің ұсыныстары:

- Мектеп мұғалімдерімен бірлескен семинарлар ұйымдастыру.

3. Түлектердің кері байланысын талдау

Түлектер арасында өткізілген сауалнама мен сұхбаттар негізінде мынадай қорытындылар жасалды.

Түлектердің оң пікірі:

- Білім беру бағдарламасының мазмұны еңбек нарығына сәйкес келеді.
- Теориялық дайындық пен педагогикалық практика көлемі жеткілікті.
- Кафедра тарапынан академиялық қолдау деңгейі жоғары.
- Әдебиет пен тіл білімі бойынша берілетін пәндер сапасы жоғары бағаланады.

Түлектер көрсеткен қиындықтар:

- Сынып жетекшілігі, ата-анамен жұмыс жүргізу аспектілері толық қамтылмаған.
- Мультимедиялық контент әзірлеу дағдылары жеткіліксіз.

Түлектердің ұсыныстары:

- Практика барысында сабақ өткізу саны мен кері байланыс жиілігін арттыру.
- Студенттерге арналған педагогикалық тренингтер мен шеберлік сабақтарын көбейту.

Талдау нәтижелері білім беру бағдарламасы бойынша оқу жетістіктері, жұмыс берушілер мен түлектердің кері байланысы жалпы алғанда оң динамиканы көрсететінін дәлелдейді. Бағдарлама еңбек нарығы талаптарына сәйкес және кәсіби құзыретті мұғалімдер даярлауға бағытталған.

Жетілдіру қажет негізгі бағыттар:

1. Цифрлық педагогика және АКТ құзыретін күшейту.
2. Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі құжаттамамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.
3. Практикалық сабақтар мен педагогикалық практиканың мазмұнын жаңғырту.
4. Жұмыс берушілермен ықпалдастықты кеңейту.
5. Түлектердің кәсіби бейімделуін қолдайтын бағдарламаларды іске қосу.

Үшінші мәселе бойынша АҚ төрағасы С.Мағжан: Бүгінгі мәжілісте 2025-2026 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу), ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау, жақсарту ұсыныстары талқыланды. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау мәселелері қарастырылды. Жалпы қараша-желтоқсан айында жоспарға сай жұмыстар АҚ мүшелерімен қарастырылды.

Шешім:

1.2025-2026 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу) қанағаттанарлық деп есептелінсін.

2.ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау, жақсарту ұсыныстары қабылдансын.

3. Оқу жетістіктерін, жұмыс берушілер мен түлектердің кері байланысын талдау бойынша ұсыныстар назарға алынсын.

5. Қараша, желтоқсан айларында атқарылған шаралар нәтижесін талдау нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшы:



С.Мағжан

Г.Ризоходжаева